



«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту

институты» РММ директоры

М.Н.Ерманова

2026 ж.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жекеменшік) мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін айқындайды, офлайн форматта ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР ОМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2026 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде заманауи тәсілдерді іске асыру үшін озат педагогикалық тәжірибені анықтау, жариялау және тарату.

1.4. Міндеттері:

- кәсіби шеберлігі жоғары деңгейдегі педагогтерді анықтау және қолдау;
- педагог қызметкерлердің кәсіби өсуіне, өзін көрсетуіне және шығармашылық бастамасын дамытуға ықпал ету;
- мектепке дейінгі білім беру педагогінің беделін арттыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармалары.

2.2. Байқауға кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері (педагог-психологтерді қоспағанда) қатысады.

2.3. Байқау үш кезеңде жыл сайын өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгей (*азымдағы жылғы сәуір айы*);

II кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) деңгей (*азымдағы жылғы мамыр айы*);

III кезең – республикалық деңгей (*азымдағы жылғы маусым*).

2.4. Өңірлерде байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін байқаудың барлық кезеңдерінде басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде Өңірлік байқау комиссиясы құрылады.

2.6. Өңірлік байқау комиссиясына аудандық, қалалық білім бөлімінің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының қызметкерлері, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, әдістемелік қызметтер, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы (педагог-шебер, педагог-зерттеуші) үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

2.7. Өңірлік байқау комиссиясы байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.8. Байқаудың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім береді (Байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға II кезеңге қатысуға жол беріледі; II кезеңнің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға III кезеңге қатысуға жол беріледі), электрондық форматта келесі құжаттар (материалдар) қоса беріледі:

1) Облыстың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) қатысушының **өтінімі** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) I-II кезеңдердегі байқауға қатысушылардың санын көрсете отырып, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының **өңірлік байқау комиссиясының сканерленген хаттамасы** (қатысушылар санының көрсетілуі міндетті);

4) Материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) белсенді сілтеме көрсетіле отырып, оқыту тіліндегі педагогтің **Е-портфолиосы** (осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес педагог портфолиосының құрылымы);

5) «Заманауи тәрбиеші қандай болуы керек?» тақырыбында 300 (үш жүз) сөзден аспайтын Word форматында **эссе**.

6) Байқаудың барлық кезеңдерінде офлайн форматта ұсынылған алаң базасында цифрлық технологияларды қолдана отырып кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу қажет (ұзақтығы 15 минутқа дейін).

2.9. Байқаудың II және III кезеңдеріне **Бас жүлде иегері** жіберіледі.

Байқау нәтижелері осы Ережеге 3 және 4-қосымшаларда орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес 5 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

3.1. Республикалық III кезеңге ілеспе хат пен Білім басқармасының «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» Байқауының атауымен көрсетілген өтінімі i-rrd2026@mail.ru электрондық поштасына **2026 жылдың «02»**

маусымынан кешіктірмей жіберілуі тиіс. Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады.

3.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

4. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар

4.1. Облыстық кезеңнің жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде байқауға қатыспайды.

4.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

4.3. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Бас жүлде;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

Номинациялар:

- Шебер педагог;
- Креативті педагог;
- Өнерлі педагог;
- Жаңашыл педагог.

5.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Институттың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

5.3. Байқау нәтижелері мен жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 57-46-52

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»
республикалық байқауға қатысуға
ӨТІНІМ**

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Лауазымы	
4.	Педагогикалық өтілі	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	
6.	Біліктілік санаты	
7.	Байланыс телефон нөмері, электронды пошта	
8.	Е-портфолионы қарау үшін интернет-ресурстағы белсенді сілтеме	

«Педагогтің Е-портфолиосы»

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) бір ғана белсенді сілтеме беруі тиіс.

Е-портфолио төмендегіні қамтиды:

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- еңбек өтілі;

- білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

- біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 3 (үш) жылдан аспайтын көшірмелері);

- марапаттары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік марапаттарының көшірмелері);

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- педагогтің соңғы 3 (үш) жылдағы кәсіби, шығармашылық байқауларға және спорттық жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады);

- тәрбиеленушілердің соңғы 3 (үш) жылдағы жобалар, шығармашылық байқаулардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

- педагогикалық тәжірибені жинақтау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату);

- зерттеу қызметі (ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, шығармашылық есептер, ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамалар туралы мәліметтер);

- тәрбие жұмысы бойынша құжаттар (материалдар) (экологиялық, еңбек, адамгершілік тәрбиесі және ата-аналармен өзара іс-қимыл бойынша материалдар);

- соңғы 3 (үш) жылда (web (веб) -ресурстарда және әлеуметтік желілерде ақпаратты тұрақты орналастыру, балаларды тегін оқыту - растайтын құжаттарды (материалдар), ақпараттық жүйесінде сілтемелерді тіркеу).

**Офлайн форматта жүргізілетін
кіріктірілген ұымдастырылған іс-әрекетті бағалау критерийлері**

Күні _____

Тәрбиеленушілердің жасы _____

Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Критерийлер	Көрсеткіштер	Ұпайлар	Қорытындылар
Ұымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	құзыреттіліктерді кіріктіру арқылы ұымдастырылған іс-әрекеттің мазмұнына сәйкестік деңгейі	0-5	
Тәрбиелеу мен оқыту әдістері, әрекет түрлері	тәрбиелеу-білім беру процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейі, балалар әрекетінің түрлері, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүргізуде педагогикалық шеберлік деңгейі	0-5	
АКТ мен ЖИ қолдану тиімділігі	балалармен жұмыс жүргізуде АКТ, цифрлық платформалар мен ЖИ технологияларын кіріктіру (мысалы, ChatGPT немесе аналогтар, дауыстық көмекші Алиса және т.б.)	0-5	
Тәрбиеленушілердің әрекеті	педагогпен және балалармен субъективтілік, бастамашылдық, танымдық белсенділік таныту, қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық деңгейі	0-5	
Ұымдастырылған іс-әрекет бойынша педагогтің рефлексиясы	ұымдастырылған іс-әрекетке өзіндік талдау жасау және тәрбиеленушілерді әрекетке тарту негізінде іске асырылу деңгейін бағалау	0-5	

Қорытындылар _____

Ұсыныстар _____
